

78

8-

к

# АЛТЫНБЕК ҚОРАЗБАЕВ

*Өмір жолының  
суреттері*

# ТАМЫРЫ ТАРИХТАН НӘР АЛҒАН, ЖАПЫРАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАН ЖАРАЛҒАН

Ұлттық мұраны, дәстүрлі әнді, сал-серілік дәуренді XIX ғасырдан XX ғасырға шашау шығармай, бояуын жоғалтпай, қайта, байытқан қалпында әлпештеп алып келген «алтын көпір» Кенен Әзірбаевтан бата алған Алтынбек Қоразбаев сонау жетпісінші жылдардан бері ән өнерінің аспанына жеке отау тігіп, орныққан, айналасына нұрын шашып, шуағын төккен жарық жұлдыздардың, заманының ыңғайына қарай санаулы сал-серілердің бірі. Жарқ етіп танылғаннан-ақ үлкеннің де, кішінің де сүйіп тыңдайтын әншісіне, әрбір шығарған жаңа әнін іздеп жүріп жазып, көшіріп алатын сазгеріне айналған Алтынбекті әншілер қауымы да аса құрметтейді, оның шығармашылығына бас иеді. Көптеген әншінің репертуарын Қоразбаев әндерінің толықтырып жүргені содан.

Сазгердің әндерінің ауқымы да, өрісі де кең, тақырып аясы үлкен, мән-мағынаға бай. Ән тек құлақтың құрышын қандыра салатын музыкалы шығарма ғана емес, сонымен қатар ол жүректі қозғайтын, сезімді сергітетін, ой-өрісіңді оятатын поэзиялық дүние екенін де Алтынбек Қоразбаев жадынан ешуақытта шығармайды. Сол себепті де ол бір ғана махаббаттың айналасында шыркөбелек айналып қалған жоқ. Сазды лирика, жан-жүрегіңді тебірентетін туған жерге сүйіспеншілік, қоғамда болып жатқан құбылыстарға бей-жай қарай алмайтын шығармашылық адамының жан күйзелісі мен толғанысына маза бермейтін проблема, көңіліңді шарықтатып ала жөнелетін, сезімді алуан күйге бөлейтін ойнақы әуенге толы әндер галереясы Алтынбек шығармашылығын байыта түседі. Қай тақырыпты алмасын, қуатты сөз бен шуақты ән үйлесе кетеді. Бұл композитордың талғамының биіктігін көрсетеді.

Ақын Серікбай Оспановпен бірлесіп жазған «Сағындым Алматымды» әні тағдыры Алматыны жанап өткен жастың да, жасамыстың да жүрегінен жол тапқан әнұран іспетті. Сол ән «шыр етіп» дүниеге келген «нәресте» шағынан әлі күнге дейін елдің аузынан түскен емес. Бұл әннің алғашқы ноталары ойнай бастағаннан-ақ тыңдаушы қауым қосылып ала жөнеледі немесе дөңгеленіп, еріксіз биге қосылады. Шығарманың, шығарма авторының құдіреттілігі де осында. Бір ғана «Полонезімен» әлемді тамсандырған Огинскийдің осы бір шедеврі секілді «Сағындым Алматымды» Алтынбек әндерінің керуенбасы. Сонау жетпісінші жылдардан бері қарай туылған ұрпақтың да ұранына айналған. Осы әнді үлкен музыкалы шығарма ретінде орындайтын «МузАРТ» тобының

мүшелерінің өзі бұл әнмен құрдас, замандас. Әннің құрдастары оны бар ынта-жігерімен орындап жатса, ол жайында ұзақ-сонар әңгіме айтудың өзі артықтық жасар еді.

Соғыс зардабын, тұрмыс тауқыметін көргендердің жан-дүниесін боздатқан «Қара кемпірі» мен «Қара пимасы» қандай, бүгінде жастардың ұялы телефонынан бебеулей жөнелетін «Үш қоңыры», басқа да толып жатқан әндері эфирдің, сахнаның, той-думанның төрінен түспейді. Алтынбек Қоразбаев Шәмші, Нұрғиса ағалары сияқты әндерінің сөздерін талғаммен іріктейді. Ақындарды өзі таңдайды. Қолына түскен өлеңге ән жаза салу оның мінезіне жат. Мұқағалидың әр өлеңі әнге сұранып тұратыны белгілі, ал Жақсылық Сәтібеков, Серікбай Оспанов, Абдрахман Асылбек, Исраил Сапарбай, Серік Тұрғынбек, Толымбек Әлімбек, Иран Ғайып, Несіпбек Айт сынды ақындарға арнайы тапсырыс беріп, қырнап-жонып, сөздерін әнге ықшамдататын да композитордың өзі. Елбасының сөзіне жазылған «Үш қоңыр» әні ел сүйіспеншілігіне айналып кетті.

Алтынбек Қоразбаев даярлаған шәкірттер бүгінде елге кеңінен танылды. Бұлақ көрсең көзін ашуға құштар өнер иесі талай жас таланттың жолын ашты. Өнерінің өрісін кеңейтті. Олардың бір шоғырының өзі бүгінде тыңдаушысының сүйіктісіне, сахнаның сәніне айналды. Оған шәкірт болуға құштарлардың саны қаншама! Бұл орайда композитордың ұстаздық қабілетінің де жоғары, жүрегінің кең екенін ұғыну қиындыққа түспесе керек.

Ылғи да ізденіс үстінде келе жатқан композитордың әндері аз да болса назды, сазды. Ұлттық дәстүр мен жаңа ағымдағы талап-тілекті бір әннің бойына сыйдырып, үйлестіре алатын дүниелеріне де сұраныс жеткілікті. Алтынбек әндерін жемісі мол, мәуелі ағаш деп есептесек, оның тамыры тым тереңде - ұлттық рухта жатыр, ал жапырақтары қазіргі заманның жаңғырығымен үндес, үйлес жайқалады. Бұл жерде біз Қоразбаев шығармашылығын екі заманның ыңғайынан туындай салған будан дүние деуден мүлде аулақпыз. Қайта, тарихи дәстүрді, ұлттық бояу-нақышты бәз қалпында сақтаған, ерекшеліктерін елеп-ескерген және оны осы дәуренмен ұштастыра алған шеберлігі хақында ғана тамсана айтуды жөн көріп отырмыз. Міне, композитордың ізденісі де, ізденіске сай еңбегінің жемісі де осыған байланысты болса керек. Осы жылдарға дейінгі жиған-тергенін оқырманға ұсынуды жөн деп тапқан шығармашылық иесінің бұл қадамы құптарлық. Өнер сүйер қауымға арналған бұл фотоальбомның (суреттер альбомы) Сіздерге берері көп екенін кітапты парақтағанда ұғасыз, қадірменді көрермен, тыңдаушы, оқушы!

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,  
ҚР Президенттік мәдениет  
орталығының директоры,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор